

"Өскемен қаласы бойынша коммуналдық көрсетілетін қызметтерді ұсынудың Қағидаларын бекіту туралы" Өскемен қаласы әкімдігінің 2023 жылғы 4 мамырдағы № 1436 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Шығыс Қазақстан облысы Өскемен қаласы әкімдігінің 2026 жылғы 3 шілдедегі № 2192 қаулысы

Өскемен қаласының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

"Өскемен қаласы бойынша коммуналдық көрсетілетін қызметтерді ұсынудың Қағидаларын бекіту туралы" Өскемен қаласы әкімдігінің 2023 жылғы 4 мамырдағы № 1436 қаулысына мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Өскемен қаласы бойынша коммуналдық көрсетілетін қызметтерді ұсынудың Қағидаларында:

9-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"9. Энергиямен жабдықтау шарты бойынша энергияны тұрмыстық тұтыну үшін пайдаланатын азамат абонент (тұтынушы) болған жағдайларда энергетикалық желілердің, сондай-ақ энергия тұтынуды есепке алу аспаптардың тиісті техникалық жай-күйі мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету міндеті, егер заңдарда өзгеше көзделмесе, энергиямен жабдықтаушы ұйымға жүктеледі.";

56-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"56. Коммуналдық көрсетілетін қызметтерді ұсыну саласындағы мәселелер Осы Қағидаларда реттелмеген, Қазақстан Республикасының өзге заңдарымен реттеледі."

2. "Өскемен қаласының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі автомобиль жолдары бөлімі" мемлекеттік мекемесі осы қаулыны ресми жарияланғаннан кейін Өскемен қаласы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау жетекшілік ететін Өскемен қаласы әкімінің орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Өскемен қаласының әкімі

А. Акышов